

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 9 маусымдағы № 4 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 28 қазандағы № 7 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 қазанда № 24958 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы 3-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабы 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес және Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы міндетін атқарушының 2021 жылғы 15 қазандағы № 876 ұсынысы негізінде , ШЕШТІМ:

1. Мүйізді ұсақ малдарының бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округінің Бақасу ауылының аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округі әкімінің " Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2021 жылғы 9 маусымдағы № 4 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22993 болып тіркелген) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. "Кеңсай ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Кеңсай ауылдық округінің әкімі

А. Смаилов